

«Балбөбек» жеке меншік
шағын орталығының
директоры Мусаева С.Р.



2023 жылдың ақпан айына (01.02-03.02) арналған педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізіледі
Сәрсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика Шаршы құрастыр	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Үлкен және кішкентай доптар»	2-3жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Төрт құрылыс»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

**2023 жылдың ақпан айына (06.02-10.02) арналған
педагог-психологтың циклограммасы**

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Көлік тас жолы»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Көңілді шеңбер»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Үйлер және тулар»	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика «Шаршадыңыз ба?»	Балабақша қызметкерлері
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту « Орындықты тап »	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

**2023 жылдың ақпан айына (13.02-17.02) арналған
педагог-психологтың циклограммасы**

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізіледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика «Сиқырлы қалта»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Сөзді есінде сақта»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Ойлан да аяқта»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Өз үйінді тап»	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Жаңа ертегі»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

**2023 жылдың ақпан айына (20.02-24.02) арналған
педагог-психологтың циклограммасы**

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика «Үй-адам-ағаш»проективті тест	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Маған қарай жүгіріндер»	2-3жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Сирек кедесетін фигуралар»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Ілінген орамал»	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психодиагностика «Есте сақта және нүктені орналастыр»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

**2023 жылдың ақпан айына (27.02-28.02.2023) арналған
педагог-психологтың циклограммасы**

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізіледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Көлем кім бірінші»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	Ақпан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару
	10.30-12.00		

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: «Шаршы құрастыр»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 01.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Шаршы құрастыр»

Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.

Нұсқауы:

Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда психолог оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?). 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.

Қорытындысы:

4-5 жас тобына «Шаршы құрастыр» тақырыбында ойын ойнатылды. Барлық балалар ойынға белсенділік танытып араласып, топпен шаршыны тез құрып жарысып ойнады. Балалар құрастыруды өте жақсы біледі.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Үлкен және кішкентай доптар»

Топтың аты: 2-3жас кіші тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 2-3жас кіші тобы

Тексерілген күні:02.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқаны:25

Қатыспағаны:

Әдістеме: «Үлкен және кішкентай доптар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалысын дамыту

Нұсқауы:

Балалар орындыққа жартылай дөңгелене отырады. Психолог оларға карама-қарсы отырып, балаларға қолдарындағы доптарын көрсетуді сұрайды. Балалар қолдарын алға созып, доптарды көрсетеді. Психолог көңілді түрде былай дейді: «Кішкентай доптар жолмен домалап кетті. Қарандар олардың қалай жүгіргенін». Осыны айтады да аяғымен бірнеше рет тез-тез жер тепкілеп: «тымпыл, тымпыл, тымпыл!» - дейді. Балаларда соны істейді. Одан кейін психолог қимылын баяулатып былай дейді: «Үлкен доптар жолда тымпыл-тымпыл домалап бара жатыр». Психолог алдымен кішкентай доптар, одан кейін үлкен доптар жөніндегі тексті осылайша бірнеше рет айтады. Балалар оның артынан тез және баяу қимылдарды алмастыра қайталайды.

Қорытындысы:

2-3жас тобына «Үлкен және кішкентайлар»тақырыбында түзету-дамытушылық ойын жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.Ойын барысында балалар өздерінің тез және баяу қимылдайтынын көрсетті.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Төрт құрылыс»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5 жас тобы

Зерттеу уақыты: 03.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Төрт құрылыс» ойыны

Мақсаты:

Ойлау қабілетін дамыту.

Нұсқауы:

Балалар шеңбермен тұрады. Психолог «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» - дегенде жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса сол ойыннан шығады.

Қорытындысы:

Балалар «Төрт құрылыс» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің белсенділіктерін көрсетіп жақсы көрсетті.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Көлік тас жолы»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хиттама

Топтың аты: 4-5жас тобы
Тексерілген күні: 06.02.2023ж
Балалар саны: 25
Қатысқаны: 25
Қатыспағаны: 0
Әдістеме: «Көлік тас жолы»

Мақсаты. Заттардың ерекшеліктерін анықтау қабілетін дамыту, тәжірибелік тапсырмаларды шешуде белгілі ережелерге бағынуга үйрету, осы ерекшеліктерді басқаларынан даралауға баулу, қарапайым әрекеттердің алгоритмдерін өз бетінше құрастыруға үйрету.

Материал. Жол құрылысының ережесі берілген кесте логикалық блоктар.

Мазмұны

I

Балалардың алдына 1 кестесі қойылады, ал еденге блоктар қойылады.

Ойынның тапсырмасы: қалада (пішіндер) автокөліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдар салу.

Жолдардың салудың ережесі кестеле берілген.

Ондағы бағыттардың көмегімен блок қай түстің соңынан жүру керектігі көрсетілген. Балалар ережені саралап байқайды: қызыл блоктың соңында сары, сарының соңында көк, оның соңында қайтадан қызыл. Олар жолды қай блоктан бастайтындарын шешеді және жолды сала бастайды. Блоктарды кезекпен салады. Әр бала блоктарға жақындан, керекгін алып, жолға салады, кім қателікті байқаған болса, сол «төкта» деп айтады да, қатені түзетеді. Ойын қайталанған жағдайда, жолды балалар кестеді көрсетілген басқа ережемен салады. Сонымен қатар балалар жолды блоктар мен тегіс фигуралардан да сала алады.

Жаттығуды әртүрлі ұйымдастыруға болады: барлық балалар бір жол салады; қатысушылар жұпқа бөлінеді және әрбір жұп өз жолын салады, әр бала өз жолын салады.

Жұппен болатын ойынға мынадай ереже енгізуге болады: кімде кім қате жіберетін болса, сол өзіне айып ртеінде фигураны қалтырады. Кімде айып фигурасы аз болса, сол жеңімпаз болады.

Балалар алдымен дайын ереже бойынша жол салады, кейіннен ережені өздері ойдан құрай алады. Ересектер ойын ережесін үнемі ауыстырып отырады (өзен арқылы өтетін көпір салу, моншақтарды жинау, қалың орманның арасынан соқпақ жол салу және т.б.).

II

Жолды салуға блоктардың екі ерекшеліктеріне бағытталатын ереже қолданылады

Балалардың қызығушылықтарын қолдау үшін ересектер әртүрлі ойын және тәжірибелік тапсырмалар ұсынады: Кай мен Гердаға қашуға көмектесу үшін

Қар патшайымының сарайынан жол салу; қораптарға кәмпиттерді салу;
Хауыз көшесіндегі Аңғалақтың шкафын жинастыру.
Ойын шарттарын алдымен ересектер ұсынады, ал соңынан мұндай
шарттарды балалардың өздері ойлап табады.

III

Балалар үш ерекшелік – түсі, көлемі мен пішініне қарай жол (тізбек) салады (Ересектер балалардың белсенділіктері мен шығармашылықтарын марапаттай отырып, балаларды өз беттерінше жаңа ережелер, ойын тапсырмаларын ойлап табуға икемдейді

Қорытындысы:

4-5жас тобына «Көлік тас жолы» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді. Балалар ойынға жақсы араласты. Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамытты.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Көңілді шеңбер»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты:07.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқанлар:24

Қатыспағандар:1

Әдістеме: «Көңілді шеңбер» ойыны

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту

Нұсқау:

Балалар шеңбер жасап тұрады, бір –біріне мұқият қарайды. Психолог белгі берген кезде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балалардың бірнешеуіне әр түрлі заттарды қыстырып қояды. (Гүл, орамал, бантик, көзілдірік). Балалар көздерін ашқанда не өзгереді? – деп сұрайды. Ең зейінді балаға ойыншық беруге болады

Қорытындысы:

Балалар «Көңілді шеңбер»ойының қызыға жасады.Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды. 4-5жас тобының есте сақтау қабілеті жақсы дамыған.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Үйлер және тулар»

Топтың аты: 3-4жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 3-4жас тобы

Тексерілген күні:08.02.2023

Балалар саны: 23

Қатысқаны: 23

Қатыспағаны:

Әдістеме: «Үйлер және тулар»

Максаты: түстерді ажырата білуге, дұрыс түсті, затты тандауға үйрету.

Қолданылатын құрал –жабдықтар: мозайкалы қорап, онда 10-10-нан қызыл және ақ түсті мозайкалар. Сонымен қатар онда 3 жасыл, 2 көк және 3 сары басқа элементтер салынады. Бұлардың бұл тапсырмаға еш қатыстары жоқ.

Ойын барысы. Психолог ең алдымен ақ мозайканы көрсетіп, бұл түспен үйлер болатындығын айтады. Ал, қызыл түспен тулардың болатындығын түсіндіреді. Содан кейін психолог үстелге «үйлерді», «туларды» үйдің үстіне қойып, баланы бұл тапсырманы бастауға рұқсат береді. Баланың міндеті түстерді дұрыс орналастыруы керек. Ойын барысында баладан үйлер мен тулардың дұрыс орналастырғанын сұрай отыра оның бұл тапсырманы ұққанын немесе ұқпағанын біле алады. Бұл тапсырманы орындау барысында саусақтарының, бұлшықеттеріне байланысты балалардың қимылдары келісінсіз болады. Бұл жағдайда психолог қолынан ұстап көмектеседі.

Қорытындысы:

3-4жас тобына «Үйлер және тулар» тақырыбында түзету-дамытушылық ойын жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Ойын барысында балалар тапсырманы жақсы орындап шықты.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

«Шаршадыңыз ба?»

Қатысушы: Балабақша қызметкерлері

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: Балабақша қызметкерлері

Зерттеу уақыты: 09.01.2023

Педагогтар саны: 6

Қатысқандар: 6

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Шаршадыңыз ба?»

Кей кездерде әбден шаршап қажитының сондай, одан әрі жүйкен шыдамайтындай сезінесің. Шынымен-ақ солай ма? Сондай сәттерде не істеуге болады? Төмендегі тест арқылы осы сұрақтарға жауап табасыз, көптеген жайттарға көз жеткізесіз. Әбір «ия» деген жауап үшін 1 ұпайдан береді.

1. Сіз өзіңізге мін таққышсыз. Кез келген істі мейілінше жақсы істегенді қалайсыз?
2. Өзге адамдарға «жок» деп айтуға киналасыз?
3. Өте жұмысбасты болғандықтан тамақты да уақыттылы ішпейсіз?
4. Сондалық қажет болса да, өзгелерден бірдене істеп бер деп өткіңіз келмейді?
5. Өзіңізге ұнайтын нәрсені істеуге де үнемі уақытыңыз жетпейді?
6. Өзіңіз үшін де, өзгелер үшін де қажетті шаруалардың бәрін бірдей істей алмасаңыз кінәлімін деп қам жейсіз бе?
7. Барлық істі орындау үшін барыңызды салсаңыз да олар өмірі бітпейді?
8. Сіз сирек демаласыз, сирек көңілденесіз, өзіңізге жағымды нәрсені жасамайсыз?
9. Үнемі жағдай сіздің уысыңыздан шығып бара жатқандай сезімде жүресіз?
10. Әрдайым өзгелерге жағымды нәрселерді істеуге тырысасыз?

Интерпретация:

0-2 ұпай - өз өміріңізді толығымен бақылауда ұстайсыз, жүйкеніз жұқарып тозатындай қауіп жоқ.

3-4 ұпай – сіз тым көп жұмыс істеуге тырысасыз. Өзіңізді зорламаңыз.

5-6 ұпай - байы болыңыз: қауіпті шекке жақын қалған тәріздісіз. Шамадан тыс шаршамауды ойлаңыз.

7-10 ұпай - өзіңіз байқамасаңыз да сіз үнемі қажып, шаршап жүресіз.

Өміріңізді түбірімен өзгертіңіз.

Қорытындысы:

0-2 ұпай

1.

2.

3.

3-4 ұпай

1.

2.

3.

5-6 ұпай

1. Тажигалиева М

2. Муратбаева А

3.

7-10 ұпай

1. Карасаева А

2. Әбішаева Ү

3. Мендігулова

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Орындықты тап»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты:10.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар:24

Қатыспағандар:1

Әдістеме: «Орындықты тап» ойыны

Мақсаты:

Есте сақтауға қабілетін дамыту

Нұсқауы:

Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, карап алуы керек. Психологтың бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабан немесе бубенмен берілді). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орынын тапқан балалар мадакталады, таба алмағандар ойыннан шығады.

Қорытындысы:

Балалар «Орындықты тап»ойының қызыға ойнады.Барлық балалар ойынға жақсы араласып белсенділік көрсетті.Балалардың есте сақтау қабілеттері жақсы дамыған.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: «Сиқырлы қалта»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 13.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Сикырлы қалта» ойыны

Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету.

Нұсқау: 1-нұсқа – затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа – қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау. Психолог балалардың ортасына «сикырлы қалтаны» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сикырлы қалтаға» салып, кез келген түймелері бар жолақты таңдап алып, қолын «сикырлы қалтадан» шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-5) сәйкес цифрларды көрсетеді. Ұл балалар Әлшердің, қыздар Аяжанның неше түйме қадағандығын анықтайды. Балалар әкесіне кафель төсеуге көмектесуді ұйғарады. Бірнеше кафель жерге құлап, сынып қалды. Балаларға оны жинауға көмектесуді сұрайды.

Қорытындысы:

Балалар «Сикырлы қалта» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында өте белсенділік танытып әр нұсқа бойынша тапсырмаларды жақсы орындап шықты.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психологиялық-педагогикалық ағарту

Әдістеме: «Сөзді есінде сақта»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 14.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Сөзді есінде сақта» ойыны

Максаты:

Есте сақтауға қабілетін дамыту

Нұсқауы:

Психолог балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тындау ұсынылады. Бірінші сөзді психолог өзі айтады, балалар келесі сөзді есіне сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығуы керек.

Қорытындысы:

Балалар «Сөзді есінде сақта» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып белсенділік көрсетті. Балалардың есте сақтау қабілеттері жақсы дамыған.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Психологиялық-педагогикалық ағарту

Әдістеме: «Ойлан да аяқта»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 15.02.23

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Ойлан да аяқта» ойыны

Мақсаты:

Ойлау қабілетін дамыту.

Нұсқауы:

- ат шабады, ал қарлығаш... (ұшады)
- ит үреді, ал қарға... (қарқылдайды)
- жылан жорғалайды, ал балық... (жүзеді)
- қасқыр ұлиды, ал қой... (маңырайды)
- түйе боздайды, ал жылқы... (кісінейді)

Қорытындысы:

Балалар «Ойлан да аяқта» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің белсенділіктерін көрсетіп жақсы көрсетті.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Өз үйіңді тап»

Топтың аты: 3-4жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 3-4жас тобы
Тексерілген күні: 16.02.2023
Балалар саны: 23
Қатысқаны: 23
Қатыспағаны: 0
Әдістеме: «Өз үйіңді тап»

Мақсаты: Көру арқылы бір заттың түсін екінші затпен салыстыру.

Құрал-жабдықтар: ойынға түрлі түсті тулар (әрбірі әр түрлі болу керек), және де сондай түсті доңгелектер(бала санына байланысты) Доңгелектерді түрлі түсті қағаздан жасап, оны қатты қағазға жабыстыруға болады. Жыл басында ойын тулармен ойналады. Қосымша қоңыр, сарғын түстер алынады. Тулар мен доңгелектердің түсі бірдей болуы керек. Ал артқы жақтары сұр немесе ақ түсте боялады. Ал үйлер жерге немесе еденге созылады. Ойткені, балалар бір-бірінің іс-әрекетін бақылауы керек.

Ойын барысы:

Психолог ойынға керек заттар мен құралдарды көрсетеді. Бірақ олар басқа түстес (апельсин, сәбіз, шоколад, қоңыр қолған). Олардың мағыналарын түсіндірмей әрбір жерге орналастырады және балаларды онымен ойнауды бұйырады. Жерге үлкен төртбұрыш сызылады. (4 үй).

Психолог әртүрлі түсті туларды көрсетіп олардың түсін айтқызады. Содан кейін жаңа түстермен танысу басталады. Оны былай жасауға болады. Қолға апельсин алып, мынау не?-деп баладан сұрауы керек. Оның түсі қандай? Егер балалар жауап бере алмаса тәрбиеші көмектеседі. Үстелдің үстінде осы түске ұқсайтын не бар?- деп сұрайды.(Сәбіз, және ту) және осылай қоңыр түспен де таныстыру жүргізіледі.(Мұнда шоколад, қолған және ту қолданылады). »Ал, енді ойнайық», деп психолог ұсыныс тастайды. Балалар шеңбер жасап тұрады. Үлкен адам ортасында тұрып әрбіріне қандай да бір түсті туды кигізеді. Ал бала оның түсін атау керек. Балалар шыққан шеңбердегі түстерді рет-ретімен есінде сақтап оны артқы жағын аударады. Енді ережесі түсіндіріледі: доңгелекті ашып коруге болмайды, өз үйіңді тап дегенде кірісіңдер. Психолог 4 баланы тыңдап әр түрлі түсті ту береді.

(Мысалы,біріне қызыл,екіншісіне көк т.с.с.). Осы оқушылар кезкелген төртбұрышқа (үйге) тұрады. » Біздің қалада қандай әдемі үйлер бар» деп, тәрбиеші айтады. Ал сендерде түрлі түсті доңгелектер бар дейді. Бұл өздерінің доңгелек түстес үйлерге шақыру.Қане киімімізді жинап жаңа үйлерге көшеіік! Психолог көнуге қатысты әр түрлі іс-әрекеттер көрсетеді. Мысалы, бәрі бірлесіп кір жуады, киім тазартады. Оны салады, машинаға жүкті тиеп, өздері рөлге отырады.Болмелер ішінде айдайды. « Келдік!» деп, белгі береді. Бәрі тоқтайды, ал оқушылар туларын желінді, себебі, оның түстері көріну керек.

Психолог: «Өз үйінді тап!» дегенде, олар дөңгелектеріне ұқсас түсті көзбен іздеп, тапқан кезде соған барады да, көршісімен амандасады. Ал тәрбиеші мен үй иелері түстер бір-бірін дұрыс тапты ма, соны анықтайды. Туды жанадан көшкендерге береді, олар оны алып, шеңбер ішінде жүреді. Ал тудың иелері үйіне қайтып, қолдарын ұстап,
- Жаңа үй, жаңа үй жаңа үйде тату- тәтті тұрамыз- дейді. Психолог шеңберлерді ауыстырса ойын қайта басталады.

Қорытындысы:

3-4жас ортаңғы тобына «Өз үйінді тап»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Психологиялық-педагогикалық ағарту

Әдістеме: «Жаңа ертегі»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5 жас тобы

Зерттеу уақыты: 17.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Жаңа ертегі» ойыны

Максаты:

Балалардың қиялын дамыту.

Нұсқауы:

Психолог отырған балаларға ертегі кейіпкерлердің атайды. Суреттерін көрсетеді. Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып ойын жалғасады.

Қорытындысы:

Балалар «Жаңа ертегі» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып белсенділік көрсетті. Балалардың қиялдары жақсы дамыған.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

«Үй-адам-ағаш»проектіті тест

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: 4-5 жас тобы

Зерттеу уақыты: 20.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Үй-адам-ағаш» проективті тест

Максаты:

Тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді.

Нұсқау:

Бір паракка үй, адам, ағаш бейнелерін салуды сұраймыз.

Қорытындысы:

Әр балаларға жеке-жеке «Үй, адам, ағаш» әдістемесі тақырыбында суреттер салдырдым. Балалардың салған суреттері арқылы жеке жұмыстар жүргізіп және салған суреттерімен жеке әңгімелесу жұмыстарын жүргіздім.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

Үй

Үй құлайын деп тұрса – адамдарды жақтырмау. Мазасыз

Үй алыстан көрініп тұрса – адамның көпшіліктен оқшауланып жүруі.

Үй жақын салынса – ашық, қонақжай.

Үйдің проектісі ғана салынса - өте даушыл позицияны білдіреді.

Үйдің артқы қабырғасын салса - өзін бақылауда ұстағанды, өте сак жүргенді қалайды.

Қабырғасынан бәрі көрініп салынса – жағдайына бір себептердің әсер етуі

Егер қабырғаға баспалдақ салынып, есігі көрінбесе – ешкіммен қарым – қатынасқа түспеу, дау – дамайдан қашу.

Егер есік жабық болып, құлып тұрса – тұйық болғанды қалайды.

Егер есік жоқ болса - өзін өзгелермен қарым – қатынаста ашық болуда қиналу.

Есік қырынан салынса немесе көрінбесе – ешкімге қосылмау, қашқақтау.

Егер есік ашық болса – ашық адам.

Есіктерін үлкен етіп салса - өзінің әлеуметтік жағдайын өзгелерге паш еткенді ұнатады.

Есігі кішкентай болса - өзінің жанын ешкімге ақтарғысы келмейді.

Есіктің алды безендірілсе – басқалардан алшақ , қорғанып жүргенді қалайды.

Үлкен құлып салынса – сенгіш, тұйық, қорғаныш тенденциясының бар екендігін көрсетеді.

Мұржадан түтін шығып жатса – ішкі жан дүниесінде қысымның болғаны.

Мұржа болмаса немесе түтінін сирек етіп салса – үйде жылудың жеткіліксіздігі.

Мұржа жасырылып, тек төбесі ғана көрініп тұрса - өз эмоциясын жасыруға тырысады.

Көп қабаттағы үйдің тек 1-ші қабатына ғана терезе салса – адамдардан қашқақтау.

Терезе ашық болса – мінезі тік.

Терезесі көп болса – байланысқа бейім адам.

Терезе пердесінің жоқтығы - өзінің ішкі сезімдерін жасырмауға тырысады.

Терезенің әйнегі салынбаса – адамдармен жауласуды білдіреді.

Шатырдың сызығы қалың болып сызылса – фантазияға берілгіш.

Шатырдың сызығы жіңішке болса – қиялдай білмейді.

Шатыр үйдің формасына сай келмесе – ұйымдастырушылық қабілеті төмен.

Шатырдың су ағатын темірі болса – қорғаныш белгісін білдіреді.

Бөлмелер салынса – сол бөлме иесінің адамға ықпалы зор екенін білдіреді.

Ванна – салынса – судың мол болғанын қалайсыз.

Күн салса – беделді тұлға екендігін білдіреді.

Ағаш

Егер ағаш өте үлкен болып салынса – қарым – қатынасқа бейімділікті білдіреді.

Ағаштың тамыры үлкен болса – бәрін білуге деген қызығушылығы басым.

Тамыры сабағына қарағанда жіңішке болса – тұйықтық.

Жапырақтары дөңгеленіп салынса – эмоцияға берілгіш.

Бұтақтары төмен қаратылып салынса- қысымнан қашқақтау.

Бұтақтары жоғары қарай салынса – басшылыққа ұмтылу.

Бұтақтары әртүрлі бағытта салынса – шыдамсыздықты, ізденіс кезінде күйгелектікті білдіреді.

Адам

Адамның мойынын тек сызып қана көрсетсе – қорғануды білдіреді.

Ірі мойын салынса – жауапкершілікті сезіне білу.

Жіңішке ұзын мойын – қысылу, тосылу.

Қысқа, толық мойын - өз әлсіздігіне, тілегіне қарсы тұра алмау.

Өте ірі иықтар - өз бойындағы үлкен күшті сезіну, әрі басшылыққа ұмтылу.

Кіші иықтар – қабылдауының, түйсінуінің төмендігі.

Үшбұрышты иықтар - өте сақ жүретін адамдар.

Кеуде мен бөксенің аралығы квадрат пішінінде салынса – ержүректілікті білдіреді.

Өте ірі болса – қанағаттанбаушылық сезімі басымдау.

Кішкентай болса - өзін бағалауы төмен, өзін - өзі көрсете алмайды.

Бетінде мұрын, ауыз, көз, құлақ түгел салынса – шынайылықты білдіреді.

Беті айқын көрініп тұрса – басқалармен қарым – қатынаста өзінің сыртқы келбетіне аса мән береді.

Беті айқын емес, өңсіз болып салынса – қорқақтық, ұяндықты білдіреді.

Беті маскаға ұқсатылып салынса – тұйықтық, сақтық, оқшаулануды білдіреді.

Ер адамның бетіндегі ерні толық болып салынса – нәзіктілікті білдіреді.

Клоунның аузы салынса – жасанды күліп, жасанды сөйлейтін, амалсыздан езу тартатын адамдар.

Аузын кішкентай, жіп – жіңішке болса - көпшілік алдында сөйлеуге қысылатын, көп сөйлемейтін адам.

Иек айқын салынса – көпшіліктің ортасында жүргенді қажетсінеді.

Иек үлкен болып салынса - әлсіздік пен сенімсіздікті білдіреді.

Құлағы үлкен болса – сынды сезгіш адам.

Құлағы кішкентай болса - өзіне бағытталған сынды естігісі де, қабылдағысы да келмейді.

Көзі жабық болса немесе шляпаның астына салса – жағымсыз әсерлерден қашқақтау.

Көздің тек сыртқы жағы ғана салынса – ешнәрсені көзіне ілгісі келмейді.

Көзі сыртқа қарай шығарылып салынса – дөрекілікті, пасықтықты білдіреді.

Кішкентай көздер - өз бетінше жүретін адам.

Ұзын кірпік салынса – майысқақ, сызылғыш, өзін көрсетуге ұмтылады.

Қас қысқа, сирек етіп салынса – жек көрушілік қасиетке ие.

Мұрыны қыры бар болып салынса – ұнамсыз нәрселерді кейде айтып қою, дөрекі қалжың.

Мұрынының тесігі салынса – қарапайым агрессия.

Тісі айқын көрінсе – ашық агрессия.

Шашты әдемі етіп салса – адамның тездетіп есеюге деген ұмтылысын білдіреді.

Штрихталған шаш – ойлау мен қиялдың арасындағы алшақтықты білдіреді.

Шашы штрихталған бірақ боялмаған болса – кекшіл.

Қолы кең, саусақтары үлкен, аралары ашылып салынса - әрекетте жылдамдығын білдіреді.

Егер екі қолы екі жаққа созылып салынса -өзінің шектен шығып кеткен кейбір әрекеттерін өзі байқай алады.

Қол кеудеде айқасып салынса – жауласу және сенгіштікті білдіреді.

Қол арқаға жасырынып салынса – бір нәрсеге келіспейтінін бірден айтады.

Қолы ұзын, бұлшықетін көрсетіп салса – физикалық күшті, батылдықты, айлакерлікті қажет етеді.

Қолды денеге жақын, қысып салса – икемсіздік.

Қолы өте қысқа болса – қысымның бар екенін білдіреді.

Қолдың жоқтығы – интеллектуалды сезімінің дамымауы.

Қол мен аяқтың сол шетке салынуы – даушыл.

Қол мен аяғы үлкен болып салынса – дәрежелікті білдіреді.

Қол мен аяғы өте жіңішке болып салынса - әйелдік нәзіктілікті білдіреді.

Егер қолы шектен тыс ұзын болса – бірдеңеге жетуге, басқаруға ұмтылу.

Қолы әлсіз әрі ұзын болып салынса – біреуге тәуелділік, батылсыздық, бұл адамдар әрдайым біреудің қолпаштап, көтермелеп жүргенін қалайды.

Қол бір затты ұстауға ығайлы ,ашық етіп салынса – сүйіспеншілікке ұмтылу.

Қол екі жаққа жайылып салынса - әлеуметтік қатынаста қиындықты, агрессиялық қорқынышты білдіреді.

Қолы күшті болып салынса – агрессиясының, физикалық күшінің күштілігіне сену.

Қолдың жұмылып дөңгеленіп салынуы (перчатка сияқты) - өз агрессиясын ысыруға бейімділік.

Қолдың қалтаға салынғаны бейнеленсе - өзіне деген сенімсіздік.

Қолдың сызықтары айқын салынбаса - әлеуметтік қатынастаөзіне деген сенімділіктің жетіспеушілігін білдіреді.

Әйел фигурасында қол салынбаса – ана тұлғасын жақсы көрмейтіндігін, алшақтығын білдіреді.

Саусақ саны бесеуден артық болса – агрессияны білдіреді.

Саусақ саны бесеуден аз болса - әлсіздік, тәуелділік.

Жұдырығы түйілген қол – қарама – қайшылық.

Жұдырық жоғары қарай салынса – ашық протесті білдіреді.

Ірі әрі үлкен саусақтар – адамның бойында жауласуға деген бейімділік бар.

Аяғы өте қысқа болып салынса – физикалық және психологиялық икемсіздікті сезіну.

Аяқ денеден ұзын болып салынса – тәуелсіздікке ұмтылу, оны қажет ету.

Сурет аяқтан бастап салынса – қорқақтықты білдіреді.

Табан айқын салынбаса – ұялшақтық.

Екі аяқ бір – бірінен алшақ салынса – ашық жақтырмаушылық.

Аяқтың бірі ұзын, бірі қысқа болса – тәуелсіздікке кейде ғана ұмтылады.

Адамның теріс қарап тұрғанын салса – тұйықтыққа бейімділікті білдіреді.

Қырынан тұрғаны салынса - әлеуметтік қоршаған ортамен қарым – қатынасты қажет студен туған үрейді білдіреді.

Столдың шетінде отырған адамды салса – жағдайдан шығуды қажет ететін, бойында жалғыздықтан қорқу бар.

Адамды жеңіл қозғалыс үстіндегі күйінде салса – жақсы адам екенін білдіреді.

Қуыршақ тұрғысынан салынса – ортаға икемді, ақкөңіл, көнгіш адам.

Суреттің орналасуы бойынша

Өзін үлкен етіп және жоғары жағына салса - өзін жақсы көреді, өзін бағалауы жоғары.

Кішкентай қылып әрі төменге салса - өзін - өзі бағалауы төмен.

Суретті қағаздың оң жағына қарай салса - өмірге деген тартымдылығы төмен.

Суретті қағаздың сол жағына қарай салса - өмірді сүйетін адамдар.

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Маған қарай жүгіріңдер»

Топтың аты: 2-3жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 2-3жас тобы

Тексерілген күні:21.02.2023

Балалар саны: 18

Қатысқаны:17

Қатыспағаны:1

Әдістеме: «Маған қарай жүгіріңдер»

Мақсаты: заттарды түстері бойынша салыстыруды меңгеруге көмектесу;
ұжымдылыққа, достыққа тәрбиелеу.

Құралдар: төрт негізгі спектрлы жалаушалар: қызыл, көк, жасыл және сары жалаушалардың саны балалар санына сәйкес келу керек, сонымен қатар бір жалаушалар жиыны тәрбиешіде қалады.

Ойын барысы: Балалар жартылай дөңгелек болып қойылған орындықтарға отырады, тәрбиеші қолындағы вазасы мен оларды айналып шығады. Әр бала өзінің қалауы бойынша жалаушаны таңдайды, үлкендер дәл сондайын алады. Психолог әр түсті жалаушаларды өзіне қалдырып, олардан біраз алшақтайды, өз орындығына отырады және балаларға өз жалаушасының біреуін көрсетеді.

Психолог балаларға әрқайсысы мұқият өз жалаушасына қарап және олармен оңай, қиын әрекеттерді жасауды ұсынады: « Ал бәріміз қолымызды көтеріп жалаушалармен қозғалтайық!» Ал енді жалаушалар арқаның артына тығылады. Енді жалаушаланы тізеге қойып демалдырамыз. Қызыл жалаушадан бірдене көруге бола ма? Ал енді көзімізге қойып, одан бір – бірімізге қарайық». /үлкен адамның айтқан сөзі мәнерлі және сезіммен айылуы керек./

Келесі, Психолог мыналарды ұсынады: «қазір мен кезекпен бір жалаушаның немесе келесі жалаушаның түстерін айтамын. Бірінші менім жалаушама қарандар, егер екуінің түсі бірдей болса маған қарай жүгіріңдер. Психолог балалардан біраз алшақтайды. Ол өз арқасының артында үш жалауша ұстап тұрады. Біреуін, көтереді де түсін атайды. Балалар оған қарап жүгіріп келгенде, өз жалауларын көтереді де, ойынның басқа топтары көтереді. «Тыңдағыш жалаулар ма әлде жоқ па» -екенін бәрі бағалайды. Егер жалаулардың арасында «тыңдамайтын жалаушалар» бар болса, тәрбиеші оларға өз орындарына барып, шақырғанда жалғастыратынын айтады. Барлық «тыңдайтын» жалаушалармен ойнап, орындарына отырады. Психолог жаңа түсті белгілейді,мысалы, «Сары жалаушылар маған қарай жүгіріңдер!», осылай өз орнымен әр түсті жалаушалар шақырылады. Ойын аяқталар кезде тәрбиеші барлық 4 түсті жалаушаларды көтереді. Барлық қатысушылар оған қарай жүгіріп барып, жалаушыларды орнына -вазаға салады.

Қорытындысы:

2-3жас тобына «Маған қарай жүгіріңдер» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Сирек кездесетін фигуралар»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 4-5жас тобы

Тексерілген күні:22.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқаны:25

Қатыспағаны:0

Әдістеме: «Сирек кездесетін фигуралар»

Мақсаты:

Абстрактылау, сараптауға деген қабілетін дамыту;әрекеттерді орындау барасында ережені қатаң сақтауға баулу. Қарапайым фигуралардың сирек кездесетін, күрделі фигураға айналуларына көмектесу (қарапайым фигурадан күрделі жасау). Мұндай қайта жасаудың ережелері кестеге берілген. Әрбір фигураға арналған салу ережесі бар. Ересек адам сирек кездесетін фгураны құрудың ережесі берілген кестені көрсетеді

Нұсқауы:

Ол балаларға фигураның қандай ерекшелігіне қарау керектігін (пішініне), сирек кездесетін фигураны құруды қандай фигурадан бастау керектігіне көмектеседі (барлық бағыттар шығатын – үшбұрышты фигурадан). Тікбұрыштан екі бағыт шығады: біреуі төртбұрышқа, екіншісі үшбұрышқа. Бұл оған кез келген тұсынан төртбұрыш пен үшбұрышты орналастыру болатындығының белгісі. Төртбұрыштан шыққан бағыт дөңгелекке келеді-оған дөңгелекті құру керек. Тірбұрыштан шыққан бағыт та дөңгелекке бағытталған-оған да дөңгелекті құру керек. Ал дөңгелектен бір де бір бағыт көрсетілмеген, сондықтан оған ештеңені құрудың керегі жоқ. Осыдан кейін әр бала блоктарды біріне бірін қоя отырып, күрделі фигура сала бастайды. Ересектер балаларды бір-бірінікіне ұқсамайтын өзінше күрделі фигуралар салуға жетелейді. Осының нәтижесінде балаларда бір-бірінікіне ұқсамайтын әртүрлі күрделі фигуралар пайда болады:

Жұмыстарының соңында балалар фигураларын салыстырып, дәлсіздіктерді анықтайды, олардың қандай затқа ұқсайтындығын анықтайды.


Ойын қайталағанда басқа ережелер қолданылады

Балалар алдымен дайын ережені қолданады, соңынан олар ережені өздері ойлап таба бастайды, бұл ретте ересектер балалардың ынталары мен шығармашылықтарын өз тараптарынан марапаттау отырады.

Қорытындысы:

4-5жас тобы «Сирек кездесетін фигуралар»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И



«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Ілінген орамал»**

Топтың аты: 3-4жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 3-4жас тобы

Зерттеу уақыты:23.02.2023

Балалар саны: 23

Қатысқандар:22

Қатыспағандар:1

Әдістеме:«Ілінген орамал»ойыны

Мақсаты: Белсенділігін қабілетін дамыту.

Нұсқауы:

Орамал қабырғаға ілініп тұрады. Оған секіріп, қол жеткізу керек.

Жұдырыққа жасырылған орамал:

Үлкендер жұдырығына онай жасыра алады, ал баланың кішкентай алақанына жасыру қиындау. Баланың жұдырығының орнына босаған иогурт құтысын немесе басқалай жеңіл затпен алмастыруға болады.

Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу:

Ортасынан немесе квадрат етіп, конверт немесе бантик етіп орамалды бүктеуі тиіс.

Қорытындысы:

Балалар «Ілінген орамал»ойының қызыға ойнады.Барлық балалар ойынға жақсы араласып белсенділік көрсетті.Балалардың есте сақтау қабілеттері жақсы дамыған.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: «Есте сақта және нүктені орналастыр»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уакыты:24.02.2023

Балалар саны:25

Қатысқандар:25

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Есте сақта және нүктені орналастыр»

Мақсаты: Берілген әдістеме көмегімен бала зейінінің көлемі бағаланады. Қажетті құралдар: Бейнеленген суреттер , ынталандыру материалы қолданылады.

Психолог: Нүкте салынған қағазды алдын ала кішкентай етіп 8 төртбұрышқа бөлеміз, содан соң олардың қатар-қатар орналастырамыз, орналастырғанда жоғарғы жағындағы екі нүктесі бар төртбұрыш орналасу керек, ал төменгі жағында 9 нүктесі бар төртбұрыш орналасу керек.

Нұсқау: «Қазір біз зейінге байланысты ойын ойнаймыз. Нүкте салынған кестелерді бірінен –соң бірі көрсетіледі. Кестедегі нүктелерді дәл сол көрсетілген орнына бос клеткаларға белгілейсіз».

Әрі қарай балаға жүйелі түрде 1-2 секундта 8 кестенің әрқайсысын жеке, кезекпен жоғары көтеріп, қайтадан төмен түсіріп ,әр кестені көргеннен кейін, бала көрген нүктені есінде сақтап, келесі бос кестеге түсіруі керек.

Орындауға 15 секунд беріледі. Бұл уақыт балаға әр тапсырманы нүктенің қай жерде тұрғанын есте сақтап, келесі кестеге түсуіне беріледі.

Қорытынды баға

Бала зейінінің көлемі нүкте санының жоғарғы санымен есептеледі, баланың қандай да болмасын кестені дұрыс еске түсіруі (ен жоғарғы нүкте саны бар және қатесіз еске түсірген кестесі таңдап алынады).

Эксперименттің қорытындысы ұпайлық жүйемен бағаланады.

Тапсырма	Ұпай
Бала 6 және одан да көп нүктені еске түсірсе	10
Бала 6 және одан да аз нүктені еске түсірсе	8-9
Бала 4 және одан да аз нүктені еске түсірсе	6-7
Бала 3 және одан да аз нүктені еске түсірсе	4-7
Бала 1 нүктені еске түсірсе	0-3





8-9 ұпай

1. Абдыхалық Кәусар
2. Айзах Абдурасул
3. Аймуратов Нұрислам
4. Аймурза Айару
5. Аймухан Абылай
6. Аманжан Раяна
7. Бекенов Әдилет
8. Бисенбай Зере
9. Жалғасбай Көркем
10. Жұмабай Бағдаулет
11. Интизам Алихан
12. Исакова Аймира
13. Камаладин Аниса
14. Куатов Нұрхан
15. Қасым Ақниет
16. Майлыбай Ержан

6-7 ұпай

1. Муса Айзере
2. Мүдәрісова Аянат
3. Нұрсұлтанқызы Айару
4. Рахатқызы Жанерке
5. Серікбай Саруар
6. Совет Қайсар
7. Таскынбай Айзере
8. Темурқызы Перизат
9. Тулесін Ернар

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И



«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Көлем Кім бірінші»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты:27.02.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар:20

Қатыспағандар:5

Әдістеме:«Көлем Кім бірінші»ойыны

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау.

Ойынның құрал-жабдықтары: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Баланың көзін байлайды, қолына пішін беріледі. Бала пішінді сипалап атайды.

Қорытындысы:

Балалар «Көлем Кім бірінші»ойының қызыға ойнады.Барлық балалар ойынға жаксы араласып белсенділік көрсетті.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

«Балбөбеу» жекеменшік шағын орталығы



**Ақпан айында жүргізілген жұмысқа
қорытынды анықтама**

2022-2023 оқу жылы

Ақпан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2022-2023 оқу жылының ақпан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша ақпанның 1-нен бастап 4-5жас тобына психодиагностикадан «Шаршы құрастыр» тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Түзету-дамытушылықтан 4-5жас тобы, 3-4жас тобы, 2-3жас тобына «Үлкен және кішкентай доптар», «Бір сөзбен ата», «Үйлер және тулар», «Өз үйінді тап», «Маған қарай жүгіріңдер», «Сирек кездесетін фигуралар» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. «Төрт құбылыс», «Көңілді шеңбер», «Орындықты тап», «Сөзді есінде сақта», «Ойlanda аяқта», «Жаңа ертегі», «Ілінген орамал», «Көлем кім бірінші» тақырыптарында Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары 4-5жас тобы, 3-4жас тобы, 2-3жас тобына осы аталған топтарда жүргізілді. Балабақша қызметкерлерінен «Шаршадыңыз ба?» тақырыбында сауалнама алынды. «Үй-адам-ағаш» тақырыбында 4-5жас тобының бүлдіршіндерінен проективті әдістеме алынды. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Ақпан айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Балабақша педагог- психологы: Кулибаева Г.И